

А. М. Серикбаев,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент;
Н. Н. Ниетуллаев,
аға оқытушы
(Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған жаңа Қылмыстық кодекс Отандық қылмыстық құқықтық тәжірибеге бірқатар «новеллалар» енгізгені мәлім. Олардың қатарында заңнамашының қылмыстық құқық саласының негізгі санаттарының бірі саналатын «қылмыс» ұғымының мазмұнына қатысты «жаңалықтар» енгізуі ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан айтарлықтай қызығушылық туғызады. Жаңа криминалды цикл заңнамаларының жобаларының дайындалуына дейін отандық сот-тергеу тәжірибесінде «қылмыстық теріс қылық» ұғымының енгізілуіне қатысты айтарлықтай «қажеттіліктің» байқалмағанын ескеру керек. Дегенмен, оған қарамастан, заңнамашы қазірше өзіне ғана мәлім мән-жайларға бола құқықтың неғұрлым репрессивті саласының негізгі санаттарының бірін құрайтын «қылмыс» категориясын айтарлықтай күрделендіріп, теориялық, практикалық жағынан алдағы уақытта бірқатар ізденістердің жүргізілуін қажет ететін «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық теріс қылық» ұғымдарымен толықтырған. Сонымен қатар, отандық заң шығарушылық үрдістің ерекшеліктерінің бірінің бұл тұрғыда тағы да өзін көрсеткенін атап өту керек. Алдымен заңнамашының «өз ырқына» қарай заң қабылдауы, артынша ғылым мен тәжірибе қызметкерлерінің заңнамашының ойын аңғаруға бағытталған әр алуан талпыныстарының жүргізілуі.

Әлемнің барша елдерінде қылмыстық құқықтық сала өзгерістер мен толықтыруларға сирек ұшырайтын неғұрлым «салмақты» құқық салаларының бірі болып саналатыны мәлім. Дей тұрғанмен, біздің жағдайымызда бұл сала нормаларының іргелес құқық салаларынан кем түспей, жылына әлденеше рет өзгерістерге ұшырап отырғаны таң қалдырады (1997 жылғы қылмыстық заңға сексеннен аса өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені мәлім). Осы мән-жайларды ескере келе, заңнамашының жаңа қылмыстық заңда жоғарыда аталған новеллаларды енгізуі, сол сияқты басқа да жаңалықтары орынды тенденция ретінде қабылдануға тиіс.

Жаңа қабылданған Қылмыстық кодекстің дайындалуы мен қабылдануын негіздейтін ресми құжатта оның құрастырушылары қылмыстық теріс қылық институтының айналымға енгізілуін түсіндіретін уәждерінің қатарында «заңнаманың ізгілендірілуі» және «азаматтардың құқықтарының қорғалуына, сақталуына қылмыстық сот өндірісі аясында әкімшілік үрдіспен салыстырғанда әлдеқайда көп мүмкіндіктер мен кепілдіктердің берілетіні» туралы тұжырымдары кездеседі. Ойлауымызша, заң құрастырушылары бұл тұста аздап қайшылықтарға жол берген. Ең алдымен, «қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген» қоғамдық қауіпті әрекеттердің қылмыстық құқық аясына енгізілуінің криминологиялық «эффектісін» айқындау бойынша шынайы ізденістер жүргізілмейінше «адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына ерекше мүмкіндіктердің, кепілдіктердің жасалатыны» туралы сөз қозғау кем дегенде «әбестік» болмақ. Алдағы уақытта, ойлауымызша, бұл санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар осы адам құқықтары мен бостандықтарының аяқ асты басылып, «елемеу» қауіпінде қалдырылуына себепкер болатын, сонымен қатар потенциалды «коррупциогенді» факторлардың бірі бола алады. Сол сияқты, осы уақытқа дейін әкімшілік құқық күшімен шешімін тауып келген орасан көп санды істердің репрессивтілігі әлдеқайда жоғары саналатын құқық саласына аударылуы жағдайында заңдағы «ізгілендіру» туралы сөз қозғау да дұрыс емес сияқты. Сырт қарағанда, «қылмыстық теріс қылық», «қылмыстық құқық бұзушылық» институттарының енгізілуі жаңа қылмыстық заңның қабылдануын «ақтайтын» факторлардың біріне айналған.

Жоғарыда аталған мән-жайлар қатарында «қылмыстық теріс қылық» ұғымының заңнамалық дефинициясы да бірқатар сұрақтар туғызады. Қылмыстық кодекстің 10-бабының 3-бөлімінде қылмыстық теріс қылықтың қылмыстардан қоғамға зор қауіп төндірмейтіндігімен, болмашы зиян келтіретіндігімен, сонымен қоса адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызатындығымен ерекшеленетіні пайымдалған. Көріп отырғанымыздай, қылмыстық теріс қылықты анықтағанда заңнамашы айтарлықтай заңнамалық техника жағынан да, мазмұндық жағынан да өзара қайшы келетін сөз тіркестерін қолданып, басты назарды осы санаттағы құқық бұзушылықтарға тағайындалуы көзделетін жазаларды тізбектеуге аударған. Ойлауымызша, заңнамашы қылмыстық теріс қылық белгілерінің қатарында бұрыннан қолданыста болған жазаланушылық, құқыққа қайшылық, қоғамдық қауіптілік және кінәлілік белгілерімен шектелуі мақсатқа лайық болушы еді, өйткені қылмыстық теріс қылық қылмыспен қатар жалпылама ұғымға айналған қылмыстық құқық бұзушылықтың бір нысаны ғана, яғни оның екі нысанында да бірдей белгілерді жалпылама көздеп, оларды тағайындалатын жаза мөлшерімен шектеу жөн болады.

Жалпы, қылмыстық теріс қылық ұғымының криминализациялануына қатысты пікірталастар өткен ғасырдың соңғы онжылдығында орын алғанын атап өту керек. Г. А. Кригер қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың тікелей ұқсас болып келетіндігін, олардың әлеуметтік мағынасының, қоғамдық қауіптілігінің ұқсастықтары болатындығын айтады. Соған байланысты П. В. Коробов қылмыстық теріс қылықты заңда көрсету үшін оның 2 негізгі белгісін — қоғамдық қауіптілігі мен құқыққа қайшылығы белгісін ескеру қажеттігін жазады¹. Осы екі белгі қылмыстық теріс қылықты анықтауда негізгі құрал болып табылады. Қоғамдық қауіптілік — ол қылмысқа да, қылмыстық теріс қылыққа да тән белгі. Алайда, оның дәрежесі құқық бұзушылықтың түріне сәйкес әрқалай болып келеді. Қылмыстық теріс қылықтардың қатарын қалыптастыруда қоғамға зор қауіп төндірмейтін теріс қылықтар жатқызылуы тиіс. Сол себепті, қылмыстық теріс қылықтардың бір тобы қоғамға зор қауіп төндірмейтін болса, қалған тобы айтарлықтай қауіп төндірмейді, ал қылмыстар — қоғамға қауіпті деп тұжырымдауға болады. Қылмыстық құқыққа қайшылық белгісі де қылмыстық теріс қылықты басқа құқық бұзушылықтардан ажыратуда қажет. Бұл жерде қылмыстық теріс қылықтың қылмыстық заңмен реттелетінін білдіреді және оның қылмыстық заңда қоғамға зор қауіп төндірмейтін әрекет не әрекетсіздік екенін көрсетеді.

Н. Ф. Кузнецова қылмыс пен қылмыстық теріс қылықты қылмыстық заңда бөлу үшін қылмыстық теріс қылықтар үшін бас бостандығынан айыру жазасының санкциясын 3 жылға дейінгі мерзімге белгілеуді ұсынғанⁱⁱ. Ал, Н. В. Соколов бір модельді негіздей отырып, бірақ екінші модельді де қолдану мүмкіндігін айтадыⁱⁱⁱ. Оның пайымдауынша, қылмыстық теріс қылық — қылмыстық заңда жазалау қатерімен тыйым салынған, жасалғаны үшін бас бостандығынан айыру жазасымен байланысты емес жаза қолданылатын құқық бұзушылықтар. Қылмыстық теріс қылық деп онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін 2 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасының шамасында қолдану көзделген болса, осының өзі қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың шекарасын анықтауға жеткілікті дейді. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында қылмыс пен қылмыстық теріс қылықты ажырату Н. В. Соколовтың бірінші үлгісіндегі секілді, яғни бас бостандығынан айыру жазасымен байланысты емес жазалар қолданылады. Қылмыстық теріс қылық үшін ең ауыр жаза — қамауға алу көзделген.

Қылмыстық теріс қылықтардың тобын заңдастыруды қолдамайтын тараптар да жоқ емес. Олардың ойынша, бұл топқа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар әлі жетілмеген деп пайымдайды. Дегенмен, бұл топқа жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігінің бұрыннан белгілі құқық бұзушылықтар болып табылады, тек оларға қоғамның даму ерекшелігіне, мемлекеттің дамуына, әлеуметтің көзарасына сай дұрыс қылмыстық құқықтық баға беру қажет.

Қорыта келе, қылмыстық теріс қылық институтының енгізілуіне қатысты мәселелердің ғылыми тұрғыда айтарлықтай дәйектелуінің әлсіздігі сот-тергеу тәжірибесінде, теориялық тұрғыда бірсыпыра сұрақтардың тез арада шешілуін талап ететінін пайымдауға болады. Ойлауымызша, қылмыстық теріс қылық дефинициясында формальды белгілерге қарағанда оның материалдық, яғни қоғамдық қауіптілігін анықтайтын белгілердің мән-мазмұнын ашуға басты назарды аудару керек.

-
- i Коробов П. В. Уголовный проступок: «за» и «против» // Правоведение. — 1990. — № 5.
- ii Кузнецова Н. Ф. Преступление и преступность // Государство и право. — 2008. — № 5.
- iii Соколов Н. В. Уголовный проступок как возможность соблюдения принципа экономии уголовной репрессии // Сб. мат-лов междунаро. науч.-практ. конф. — Шадринск, 2006.